

2003 жылы Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне берілетін атаулы материалдық көмектің мөлшерін белгілеу туралы

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімиятының 2003 жылғы 31 наурыздағы № 71 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2003 жылғы 14 сәуірде № 2150 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағы 14 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі № 2247 "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, оларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заң күші бар Жарлығының 20 бабына сәйкес, Науырзым ауданының әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне атаулы материалдық көмек көрсету түрінде 2003 жылға арналған қосымша әлеуметтік қорғау шаралары ай сайын 230 теңге мөлшерінде бекітілсін.

2. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне атаулы материалдық көмек көрсету жөніндегі комиссияның құрамы бекітілсін (қосымша).

3. Қоса беріліп отырған Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне атаулы материалдық көмекті тағайындау мен төлеудің Ережесі бекітілсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Қ.Ж. Зейнеловке жүктелсін.

Аудан әкімінің міндетін

атқарушы

КЕЛІСІЛДІ

"Науырзым аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы" Мемлекеттік

мекемесінің бастығы

"Қостанай облысы қаржы Департаментінің Науырзым аудандық қаржы басқармасы"

Мемлекеттік мекемесінің бастығы

"Қазақстан Республикасы ардагерлер ұйымы қоғамдық бірлестігінің Науырзым аудандық ардагерлер ұйымы" филиалының

төрағасы

"Науырзым ауданы бойынша салық комитеті"

Мемлекеттік мекемесінің төрағасы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ о с т а н а й о б л ы с ы Н а у ы р з ы м
а у д а н ы ә к і м и я т ы н ы ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 1 н а у ы р з ы д а ғ ы

№ 71 қаулысына қосымша

**А та у л ы м а т е р и а л д ы қ к ө м е к
к ө р с е т у ж ө н і н д е г і к о м и с с и я н ы ң
Қ Ұ Р А М Ы**

Зейнелов Қойшыбай Жұрмағанбетұлы - Аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы
Шаяхметова Жұлдызай Мұхатайқызы - "Науырзым аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы" Мемлекеттік мекемесінің халыққа атаулы әлеуметтік көмек бөлімінің бастығы, комиссия хатшысы

Комиссия мүшелері:

Искакова Светлана Серкешқызы - "Науырзым аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы" Мемлекеттік мекемесінің бастығы
Таскымбаева Гүлнар Дәрібайқызы - "Қостанай облысы қаржы Департаментінің Науырзым аудандық қаржы басқармасы" Мемлекеттік мекемесінің бастығы (келісім бойынша)
Таскынбаев Есімсейіт Ыбырайұлы - "Қазақстан Республикасы ардагерлер ұйымы" қоғамдық бірлестігінің "Науырзым аудандық ардагерлер ұйымы" филиалының төрағасы (келісім бойынша)
Ташмағамбетов Төлеген Жұмабекұлы - "Науырзым ауданы бойынша салық комитеті" Мемлекеттік мекемесінің төрағасы (келісім бойынша)
Жиенбаева Зейнегүл Базылтайқызы - "Науырзым аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы" Мемлекеттік мекемесінің жұмыспен қамту мәселелері бойынша бас маманы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ о с т а н а й о б л ы с ы Н а у ы р з ы м
а у д а н ы ә к і м и я т ы н ы ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 1 н а у ы р з ы д а ғ ы

№ 71 қаулысына қосымша

қаулысымен бекітілген

**Ұ л ы О т а н с о ғ ы с ы н ы ң қ а т ы с у ш ы л а р ы
м е н м ү г е д е к т е р і н е а т а у л ы м а т е р и а л д ы қ
к ө м е к т і т а ғ а й ы н д а у м е н т ө л е у д і ң
Е Р Е Ж Е С І**

Осы Ереже Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағы 14 тармақшасына сәйкес әзірленді.

1. Жалпы ережелер

Осы Ереже Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне атаулы материалдық көмек көрсетуді реттейді.

2. Атаулы материалдық көмекті тағайындаудың Ережесі

1. Атаулы материалдық көмек арыз негізінде көрсетіледі.
2. Атаулы материалдық көмек тағайындау туралы өтінішті, оны алуға құқығы бар адам тұратын жері бойынша аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасына береді.
3. Атаулы материалдық көмек сұраушы белгіленген үлгі бойынша атаулы материалдық көмекті тағайындау туралы арыз береді.
4. Атаулы материалдық көмек тағайындау туралы арызды қарауды атаулы материалдық көмек тағайындау жөніндегі комиссия он күндік мерзімде жүзеге асырады.
5. Дәлелді себептермен атаулы материалдық көмек тағайындалмайтын болған жағдайда бұл туралы өтініш берушіге жазбаша хабарланады.
6. Атаулы материалдық көмек арыз берген айдан бастап есептеледі.
7. Берілген ақпаратты растағаны үшін арызды қабылдаған адам толық жауап береді. Ақша төлегеннен кейін ақпараттың рас еместігі, не басқа заң бұзушылық анықталса, заңсыз төленген сома, заңмен белгіленген тәртіп бойынша, кінәлі тұлғадан өндіріліп алынады.

3. Атаулы материалдық көмекті төлеу

8. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне атаулы материалдық көмек төлеу аудандық бюджеттің шығыстары есебінен жүзеге асырылады.
9. Аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы, комиссияның шешімі негізінде, атаулы материалдық көмек тағайындалған азаматтардың тізімін жасап, ай сайын қаржыландыруға аудандық қаржы бөліміне өтінім ұсынады.
10. Атаулы материалдық көмекті төлеу, заңда белгіленген тәртіппен конкурста жеңіп шыққан, тиісті банкілік операцияларды жүргізуге Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің тиісті лицензиясы бар ұжымдар арқылы жүргізіледі.
11. Атаулы материалдық көмекті төлеу аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасының ұсынған тізімдеріне сәйкес жүргізіледі.
12. Атаулы материалдық көмек өткен ай үшін төленеді.
13. Атаулы материалдық көмек алушының қайтыс болған уақытынан тоқтатылады.
14. Аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы ай сайын азаматтық хал актілерін тіркеу органдарынан атаулы материалдық көмек алушылардың қайтыс болу жағдайлары тіркелгені туралы мәлімет сұратып отырады.
15. Аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы ай сайын зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың аудандық бөлімінен

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге кеткен Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері туралы мәлімет сұратып отырады.

16. Төленген сомаларға бақылау ай сайын атаулы әлеуметтік көмекті төлеуді жүргізіп отырған конкурста жеңіп алушы мен аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы арасындағы салыстыру актілері негізінде жүргізіледі.

17. Аудандық қаржы басқармасы атаулы материалдық көмектің төленуіне бюджет қаражатының дұрыс бөлінгендігін дәйекті тексерулерді жүзеге асырады.

18. Құжаттардың дұрыс ресімделмеуіне байланысты атаулы материалдық көмек заңсыз төленген жағдайда, кінәлі лауазымдық тұлғалар заңда белгіленген тәртіппен жауап береді.